Сцепление	Фрикционная муфта
Объем топливного бака	5 л
Объем масляного картера	0,6 л
Объем редуктора	2,2 л
Топливо	Бензин АИ-92
Масло	Класс SAE: 10W-30, 10W-40. Сорт API: S
Потребление топлива	4 л/ч
Охлаждение	Воздушное
Система зажигания	ТСИ
Свеча зажигания	LD F6TC
Система запуска двигателя	Ручной стартер
Передача	2 вперед, 1 назад
Вал отбора мощности	Имеется
Вал привода	Шестигранник 32 мм
Материал корпуса редуктора	Чугун
Максимальная ширина обработки	1100 мм
Глубина обработки	150-350 мм
Система контроля аварийного уровня масла	Имеется
Габаритные размеры	1100*570*775 мм
Масса	91 кг
Срок службы	3 года

БҰЙЫМНЫҢ ТАҒАЙЫНДАЛУЫ, ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

МКБ-6620 бензинді мотоқопсытқышы жеке үйдің жанындағы, баубақшалық және саяжай учаскелерінің топырақтарын (қопсыту, тырмалау, теңестіру, қатараралық арам шөптерді жұлуды) тұрмыстық

мұқтаждықтардың аясында өңдеуге арналған. Бензинді мотоқопсытқыш бақша техникасына жатады және бір цилиндрлік 4-тактілі іштен

жану қозғалтқышымен механикалық беру арқылы қозғалысқа келтірілетін жұмыс фрезаларын білдіреді. Қажет болған жағдайда фрезалардың орнына доңғалақтар орнатылады. Бензинді мотоқопсытқыш - 2 алдыңғы және 1 артқы берумен өздігінен жүреді.

Бензинді мотоқопсытқышты үздіксіз пайдаланудың максималды уақыты оның бір толық бактағы жұмысымен шектелген. Одан кейін 15-20 минутқа үзіліс жасау қажет.

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

1. Бау-бақша техникасын осы нұсқаулықта көрсетілгендерден басқа мақсаттар үшін қолданбаңыз.

2. Бау-бақша техникасын біліксіз, кәмелеттік жасқа толмаған тұлғалардың немесе бау-бақша техникасын қолдану үшін физикалық деректері жеткіліксіз адамдардың қолдануларына жол бермеңіз. Бау-бақша техникасын басқа тұлғаларға беру жағдайында оны қолдану ережелері жөнінде толығырақ айтыңыз және осы нұсқаулықпен таныстырыңыз.

3. Бау-бақша техникасын немесе оның жеке бөліктерін суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.

4. Бау-бақша техникасын егер жану немесе жарылыс қаупі болса, мәселен, тез тұтанатын сұйықтықтардың, газдардың, ағаштың, пластиктің және басқа да материалдардың жанында қолданбаңыз.

5. Бау-бақша техникасымен жұмыс істеу және қызмет көрсету кезінде әрдайым жеке қорғаныс құралдарын

– арнайы қолғаптарды, бөтеңкелерді, құлаққаптарды, көзілдіріктерді немесе арнайы қалқаншаларды қолданыңыз.

6. Жұмыс кезінде ешбір бөліктері бау-бақша техникасымен жанаспайтындей қолайлы киімді кию ұсынылады. Сонымен бірге Сізде жұмысқа кедергі бола алатын немесе қажетсіз салдарларды шақыратын ештеңенің жоқтығына көз жеткізіп алыңыз.

7. Жұмыс кезінде бау-бақша техникасының барлық сақтандырғыштары мен қорғаныш қаптамалары дұрыс орнатылған және бекітілген болулары керек. Бүлінген сақтандырғыштар мен қаптамалармен жұмысты жалғастыруға тыйым салынады. Кез келген ақаулықтар орын алған жағдайда жөндеу үшін авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

8. Бау-бақша техникасының біраз бөлшектері жұмыс процесі кезінде қатты қызады, сондықтан бау-бақша техникасына жұмыс уақытында, сонымен бірге сөндіруден кейін біраз уақыт жанасу ұсынылмайды.

9. Өңделуші учаскені бау-бақша техникасының бүлінуін және қолданушының жарақат алуын болдырмау үшін тастардан, сымдардан, шыныдан және басқа да заттардан алдын-ала тазалаңыз.

10. Жұмыс аймағында балалардың, жануарлардың немесе бөгде адамдардың болуларына жол бермеңіз.

11. Іске қосылған бау-бақша техникасын қараусыз қалдырмаңыз.

12. Егер сіз оны қолданбасаңыз, сонымен бірге: кез келген ақаулықтар орын алған жағдайда; техникалық қызмет көрсету уақытында; жұмыс құралын ауыстырудың немесе тазалаудың алдында; жұмыс аяқталғаннан кейін әрдайым сөндіріп отырыңыз.

13. Бау-бақша техникасы бүлінген кезде қауіпке жол бермеу үшін оны дайындаушы, оның агенті немесе аналогтік біліктік тұлға ауыстыруы керек. Жөндеу және техникалық қызмет көрсету қолданыстағы тарифке сай авторландырылған сервистік орталықта жүзеге асырылады.

14. Бау-бақша техникасын егер онда бүліну іздері байқалса қолданбаңыз. Ақаулықтар

табылған жағдайда бау-бақша техникасын жөндеу және диагностикалау үшін авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

15. Жұмыс және техникалық қызмет көрсету осы нұсқаулыққа қатаң сәйкес жүзеге асырылуы керек.

16. Бау-бақша техникасын бүлдіруі мүмкін тазартқыш құралдарды (бензин және басқа да агрессивтік заттар) қолданбаңыз.

17. Бау-бақша техникасын балалар мен жануарларға қолжетімсіз орында сақтау керек.

18. Балалардың бау-бақша техникасына жанасуларына рұқсат бермеңіз.

ДҰРЫС ҚОЛДАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Бау-бақша техникасын пайдаланудың алдында барлық басқару органдарының тағайындалуымен және дұрыс қолданылуымен танысыңыз.

2. Бау-бақша техникасын жылу, ұшқын және от көздерінің жанында іске қосуға және қызмет көрсету жүргізуге тыйым салынады.

3. Отынды жақсы желдетілетін орында, тоқтатылған қозғалтқыш кезінде, жалындар мен ұшқындардан алыста құйыңыз.

4. Отын буларын иіскеуден, сонымен бірге отынның теріге тиіп кетуінен аулақ болыңыз.

5. Отын булары аса ыстық болып табылады және қозғалтқыштың іске қосылуынан кейін тұтануы мүмкін. Іске қосудың алдында құю кезінде төгілген отынның толықтай кетірілгеніне, ал отындық бак қақпағының тығыз жабық екендігіне көз жеткізіп алыңыз.

6. Бау-бақша техникасын жұмыс уақытында бірдеңемен жабуға тыйым салынады.

7. Бау-бақша техникасымен тек ашық ауада ғана жұмыс істеуге рұқсат етіледі.

8. Бәсеңдеткіштің құбырынан пайдаланылған газдардың шығуын толықтай немесе жартылай шектеуге тыйым салынады.

9. Жеңіл тұтанушы материалдарды бау-бақша техникасынан алыста сақтаңыз, себебі газ шығаратын жүйе жану орын алатындай жеткілікті қатты қызады.

10. Бау-бақша техникасымен жұмыс жасау кезінде бәсеңдеткішке жанаспаңыз, себебі

бұл күйіп қалуларға әкеліп соқтыруы мүмкін.

11. Ерекше сақ болыңыз және баубақша техникасымен жұмыс кезінде таюлар мен құлауларды болдырмау үшін әрдайым тиісті аяқ-киімді киіңіз.

12. Тек тәуліктің жарық уақытында немесе жеткілікті жасанды жарықтандыру кезінде жұмыс істеу ұсынылады.

13. Тегіс емес беттерде, сонымен бірге артқа қозғалу кезінде (артқы беру іске қосылған кезде) ерекше сақтық шараларын сақтаңыз.

14. Қозғалтқышты сөндіруден кейін одан кейінгі қозғалыстардың алдында бау-бақша техникасының инерция бойынша қозғалушы бөліктерінің тоқтауын күтіңіз.


15. Егер бау-бақша техникасы ұзақ мерзім бойы қолданылмаса немесе автомобильдік көлікпен тасымалданса, бактан және карбюратордан отынды ағызыңыз.

16. Бау-бақша техникасын, отынды және майды балалар мен жануарларға қолжетімсіз орында сақтаңыз.

17. Бау-бақша техникасын көлік құралы ретінде қолдануға тыйым салынады.

18. 10°- артық еңіспен бетте жұмыс істеуге тыйым салынады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР! АТАЛҒАН БҰЙЫМДЫ АЛКОГОЛЬДІК НЕМЕСЕ ЕСІРТКІЛІК МАСАЙҒАН КҮЙДЕ НЕМЕСЕ ШЫНДЫҚТЫ ОБЪЕКТИВТІ ҚАБЫЛДАУҒА КЕДЕРГІЖАСАЙТЫН БАСҚА ДА ШАРТТАРДА ҚОЛДАНУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ, ЖӘНЕ БҰЙЫМДЫ ОСЫНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ ЖӘНЕ ШАРТТАРДАҒЫ АДАМДАРҒА СЕНІП ТАПСЫРУҒА БОЛМАЙДЫ!



ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ

1. Басқару тұтқасы
2. Реверстің тетігі
3. Газ тетігі
4. Жылдамдықты ауыстыру тетігі
5. Бекіткіш
6. Оталдыру тетігі
7. Басқыштың тетігі
8. Түрен
9. Қалақбас
10. Доңғалақ
11. Бәсеңдеткіш
12. Алдыңғы тірек
13. Стартер
14. Отынды бак
15. Қозғалтқыш
16. Отынды шүмек
17. Дроссельді жапқыш

18. Май ағызғыш саңылау
19. Май құйғыш саңылау
20. Карбюратор
21. Әуе сүзгісі
22. Оталдыру білтесі
23. Тұншықтырғыш
24. Бәсеңдеткіштің май құйғыш мойыны

ЖЕТКІЗІЛІМ ЖИЫНТЫҒЫ

- Пайдалану жөніндегі нұсқаулық
- Бензинді мотоқопсытқыш
- Басқару тұтқасы (жиынтық)
- Фреза (әрбіріне 3 данадан 4 топ бойынша 2 жиынтық)
- Доңғалақ (2 дана)
- Түрен
- Қалақбас (2 дана)
- Бекітпе жинағы

ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ

ҚҰРАСТЫРУ

Бензинді мотоқопсытқыш жартылай бөлшектелген күйде жеткізіледі. Жұмыс үшін тұтқаны, қалақбастарды, түренді, сонымен бірге доңғалақты немесе фрезаларды орнату қажет.

1. Доңғалаққа өстерді орнатыңыз.



Одан әрі доңғалақтарды мотоқопсытқыштың өстеріне орнатыңыз.

2. Басқару тұтқасын орнатыңыз.




Арнайы бұрандаманың көмегімен тұтқаны талап етілетін күйге бекітіңіз.

3. Мотоқопсытқыштың қос жағынан қалақбастың бекітпелерін орнатыңыз.



4. Қалақбастарды мотоқопсытқыштың қос жағына орнатыңыз және оларды бұрандамалардың көмегімен бекітіңіз.




5. Түренді тиісті тіреуішке орнатыңыз.



6. Берулерді ауыстыру тетігін қосыңыз.



7. Фрезаларды төменде көрсетілгендей етіп жинаңыз.



Қажет болған жағдайда фрезаларды доңғалақтардың орнына орнатыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Бензинді мотоқопсытқыш бакта отынсыз және қозғалтқыш картерінде және бәсеңдеткіште майсыз жеткізіледі. Жұмыс алдында бакқа отын, қозғалтқыш пен бәсеңдеткішке май құю қажет. Мотоқопсытқышты майсыз іске қосуға тыйым салынады.

МАЙ


Әрбір қолданудың алдында мотоқопсытқыштың қозғалтқышындағы май деңгейін оны тегіс бетке қоя отырып, тексеріп отырыңыз.

Қозғалтқыштың майлау жүйесінде төрт тактілі қозғалтқыштарға арналған және өз сипаттамалары бойынша SG, SF (API бойынша) сыныбына жауап беруші немесе артушы майды қолдану қажет.


ЕСКЕРТУ: машина майы – бұл қозғалтқыштың жұмысы мен қызметтік мерзіміне тікелей әсер ететін негізгі шығын материалдарының бірі. Қоспаларсыз екі тактілі қозғалтқыштарға арналған май қозғалтқышты бүлдіреді, сондықтан олар ұсынылмайды. Мотоқопсытқышты қолдану кезінде SAE 10W-30, 10W-40 майын қолдану

ұсынылады.

1. Майды тексеру үшін май құйғыш саңылаудың (19) қақпағын бұрап босатыңыз.
2. Өлшегіш өзекті сүртіңіз.
3. Өлшегіш өзекті оны бұраусыз құйғыштың мойнына қойыңыз.



4. Май деңгейі өлшегіш өзектегі төменгі белгіден төмен орналасуы керек.
5. Қажет болған жағдайда майды май құйғыш мойынның жоғары деңгейіне дейін құйыңыз.



6. Май құйғыш саңылаудың қақпағын бұрап бекітіңіз.
7. Төгілген мотор майын тез арада кетіру керек.

ОТЫН

Отын ретінде AM-92 автомобильдік этилдендірілмеген бензині қолданылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Этилденген бензинді қолдануға тыйым салынады, себебі бұл цилиндрде, оталдыру бітелерінде түрлі түзілімдерге әкеліп соқтырады және қозғалтқыштың және газ шығаратын жүйенің қызметтік мерзімін қысқартады.

1. Мотоқопсытқышты сөндіріңіз және оның суынуы үшін бірнеше минут уақыт беріңіз.
2. Жүйедегі қысымды тастау үшін отынды бактың (14) қақпағын баяу бұраңыз.

3. Қажет болған жағдайда бакқа бензин құйыңыз. Бензинді отынды сүзгінің жиегінен жоғары құймаңыз.



4. Отынды бактың қақпағын тығыз бұрап бекітіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Отынды бакты аса толтырмаңыз, өйткені қызу кезінде отын кеңейеді.

Ешқашан мерзімі өткен, лас бензинді немесе май/бензин қоспасын қолданбаңыз. Отынды бакқа лайлардың немесе судың кріп кетуіне жол бермеңіз. Жұмыс барысында үлкен жүктемелер кезінде сіз мезгіл-мезгіл «детонацияның» (металдық тарсыл) жеңіл дыбысын ести аласыз.

Егер детонация дыбысы қозғалтқыштың тұрақты жылдамдығы кезінде қалыпты жүктеме кезінде орын алса, отынның таңбасын ауыстырыңыз.

Егер детонация дыбысы қалса авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Мотоқопсытқышты тұрақты металдық тарсыл немесе детонациялар кезінде пайдалану қозғалтқыштың бүлінуін шақыруы мүмкін.

БӘСЕҢДЕТКІШКЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Мотоқопсытқыш бәсеңдеткіште майсыз жеткізіледі. Пайдалануды бастаудың алдында бәсеңдеткішке (11) тиісті майды қосу қажет. Ол үшін:

1. Май құйғыш мойыннан (24) қуыс құлақты шығарыңыз.
2. Бәсеңдеткішке арналған майды қосыңыз.
3. Өлшегіш өзекті оны бұраусыз құйғыштың мойынына қойыңыз.



4. Май деңгейі өлшегіш өзектегі төменгі белгіден төмен орналасуы керек.

5. Қажет болған жағдайда майды үстеп құйыңыз.

6. Май құйғыш мойынның қақпағын бұрап бекітіңіз.

7. Төгілген майды тез арада кетіру керек.

ПАЙДАЛАНУ

Бау-бақша техникасы +5°C-тан +40°C-қа дейінгі температуралық ауқымдағы қоңыржай климаттағы ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын аудандарда пайдалануға арналған.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жұмыстың бірінші 10 сағатында мотоқопсытқышты қатты жүктемеңіз.


ОТЫНДЫ ШҮМЕК

Отынды шүмек (16) отынды бактың (14) және карбюратордың (20) арасында орналасады. Шүмектің тетігі ҚОСУ күйінде тұрғанда, отын отынды бактан карбюраторға ағады. Қозғалтқыштың тоқтауынан кейін Сіздің тетікті СӨНД. күйіне қайтарғаныңызға көз жеткізіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Мотоқопсытқышты сақтау және тасымалдау кезінде шүмек жабық болуы керек.

ДРОССЕЛЬДІ ЖАПҚЫШ

Дроссель суық қозғалтқышты іске қосу кезінде бензиннің отындық қоспасын байыту үшін қолданылады. Сіз дроссельді жапқышты қолмен басқара аласыз. Қозғалтқышты іске қосудың алдында дроссельді жапқышты (17) жабу, ал қозғалтқыштың қызуынан кейін – ашу ұсынылады. Суық қозғалтқышты іске қосу кезінде әрдайым дроссельді жапқышты жауып отырыңыз.



СТАРТЕР

Қозғалтқышты іске қосу үшін стартердің (13) тұтқасын кедергіні сезінгенше дейін аздап тартыңыз, сосын жылдам тартыңыз.



ЕСКЕРТУ: стартердің баусымына кері серпілуіне және қозғалтқышқа тұтқаман соғылуына мүмкіндік бермеңіз. Тұтқаны қозғалтқыштың немесе тұтқаның бүлінуін болдырмау үшін бастапқы күйге жұмсақ қайтарыңыз. Қайтадан іске қосудың алдында бірнеше секунд тосыңыз.

ГАЗ ТЕТІГІ

Газ тетігі (3) жану камерасына берілетін отындық қоспаның мөлшерін реттейді. Қоспалар көбірек берілген сайын, қозғалтқыштың айналымдар саны жоғары болады. Қозғалтқышты іске қосудың алдында тетікті орташа күйге орнату ұсынылады.



ЖЫЛДАМДЫҚТЫ АУЫСТЫРУ ТЕТІГІ

Жылдамдықты ауыстыру тетігі (4) басқару тұтқаларының арасында орналасқан.



1. Мотоқопсытқыштың қозғалтқышын іске қосудың алдында жылдамдықты ауыстыру тетігін «0» күйіне орнату керек.
2. Алға қозғалу үшін тетікті 2 күйдің біріне ауыстырыңыз. «1» күйінде мотоқопсытқыш қозғалудың ең төмен жылдамдығына ие болады.

ӨНДЕУ ТЕРЕҢДІГІН ШЕКТЕУІШ

Өңдеу тереңдігі топырақтың негізінде орнатылады. Тереңдікті өзгерту үшін:

1. Сұққышты немесе түренді (8) бекіту саусағын шығарыңыз.
2. Түренді қажетті биіктікке орнатыңыз.
3. Түйреуішті тіреуіштегі және түрендегі тиісті саңылауға қойыңыз және саусақтың көмегімен бекітіңіз.

ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ІСКЕ ҚОСУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСТЫҢ БАСТАЛУ

ЕСКЕРТУ: бірінші рет іске қосу кезінде қозғалтқыштың асқын жүктелулерін болдырмау және мотоқопсытқыштың қозғалысына үйрену үшін тек ең баяу жылдамдықта жұмыс істеу ұсынылады.

1. Түренді (8) реттеңіз.
2. Жылдамдықты ауыстыру тетігінің (4) «0» күйінде тұрғандығына көз жеткізіңіз.
3. Газ тетігін (3) орташа күйге орнатыңыз.
4. Отынды шүмекті (16) ашыңыз.
5. Қажет болған жағдайда дроссельді жапқышты (17) жабыңыз.

6. Оталдыру тетігіне (6) басыңыз.
7. Қол стартердің (13) көмегімен қозғалтқышты іске қосыңыз.
8. Қозғалтқышты бірнеше минут қыздырыңыз және дроссельді жапқышты ашыңыз.

ЕСКЕРТУ: Жұмысты суық қозғалтқышпен бастамаңыз. Қозғалтқыш жұмыс температурасына жеткенше дейін толық қуатты дамытпайтын болады.

9. Басқыштың тетігін (7) қысыңыз және жылдамдықтау ауыстыру тетігін талап етілетін «1» немесе «2» күйіне ауыстырыңыз. Басқыштың тетігін біркелкі түсіріңіз. Мотоқопсытқыш қозғалысын бастайды.
10. Газ тетігін максималды күйге ауыстырыңыз.

ЕСКЕРТУ: Берулерді әрбір ауыстырудың алдында басқыштың тетігін бірқалыпты қысыңыз және мотоқопсытқыштың толық тоқтауын тосыңыз.

11. Мотоқопсытқышты алға итермеңіз және фрезаларды қатты топыраққа терең енгізбеңіз. Мотоқопсытқышты әрдайым тек оның артында болумен екі қолмен басқарыңыз.
12. Жылдамдықты ауыстыру үшін басқыштың тетігін бірсарынды қысыңыз, газ тетігін минималды күйге ауыстырыңыз, беруді ауыстырыңыз және басқыштың тетігін бірсарынды босатыңыз. Газ тетігін талап етілетін күйге ауыстырыңыз.
13. Мотоқопсытқышты кері бағытта жылжыту үшін газ тетігін минималды күйге ауыстырыңыз, басқыштың тетігіне басыңыз, берулерді ауыстыру тетігін талап етілетін күйге ауыстырыңыз және реверстің тетігін (2) басыңыз.

ЕСКЕРТУ: - Бұрылулар кезінде ерекше сақ болыңыз. – Тың топырақты бірнеше кезеңдерде өңдеу ұсынылады. - Мотоқопсытқышты өңделген учаскені аздап жабатындай етіп жылжытыңыз. – Құлама жарларға жақын жұмыс істеменіз және

кедергілерді біраз қашықтықта айналып өтіңіз.

ЖҰМЫСТЫҢ АЯҚТАЛУЫ

1. Газ тетігін минималды күйге ауыстырыңыз.
2. Басқыштың тетігін қысыңыз.
3. Берулерді ауыстыру тетігін «0» күйіне ауыстырыңыз.
4. Оталдыру тетігін босатыңыз.
5. Отынды шүмекті жабыңыз.
6. Мотоқопсытқышқа техникалық қызмет көрсетуді жүргізіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Мотоқопсытқышты шұғыл тоқтату үшін оталдыру тетігін (6) босатыңыз, қозғалтқыш тоқтатылады.

ЕСКЕРТУ: Мотоқопсытқышқа қолдармен тазалау жүргізуге тыйым салынады. Тазалау үшін арнайы керек-жарақтарды және жеке қорғаныс құралдарын қолданыңыз. Тазалаудың алдында қозғалтқышты сөндіру және оның толық тоқтауын тосу қажет.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Пайдаланылған газ улы көміртек оксидінен (тұншықтырғыш газ) тұрады. Техқызымет көрсету бойынша кез келген жұмыстарды орындаудың алдында қозғалтқышты сөндіріңіз.


Егер қозғалтқыш жұмыс істеп тұру керек болса, орынның жақсы желдетілетініне және берулерді ауыстыру тетігінің «0» күйінде тұрғандығына көз жеткізіп алыңыз. Сақ болыңыз, жұмыс кезінде қозғалтқыштың тұншықтырғышы өте қатты қызады.

1. Барлық бұрандалардың сенімділіктерін тұрақты тексеріп отырыңыз. Әлсіреген бұранда табылған кезде оны тез арада тартып бекітіңіз. Кері жағдайда Сіз өзіңізді жарақат алу қаупіне ұшыратасыз.
2. Жұмыстан кейін мотоқопсытқышты мұқият тазалаңыз.
3. Желдеткіш санылаулардың әрдайым таза болуларын қадағалаңыз.
4. Корпустық бөлшектерді сұрту үшін улы химиялық заттарды және сұйықтықтарды қолдануға тыйым салынады.

МАШИНА МАЙЫН АУЫСТЫРУ

ЕСКЕРТУ: жылы қозғалтқыштан майды ағызу ұсынылады, себебі бұл қозғалтқыштың қартерінен пайдаланылған майды тез және толық кетірумен қамтамасыз етеді.

1. Пайдаланылған май үшін қозғалтқыштың астына ыдыс қойыңыз. 2 . Май ағызғыш саңылаудан (18) ағызу тығынын (А) бұрап босатыңыз және тығыздағыш тығырықты алып тастаңыз.
3. Май құйғыш саңылаудың (19) қақпағын шешіңіз.
4. Майды төгіңіз.
5. Тығыздағыш тығырықты және май ағызғыш саңылаудың тығынан қайта орнына орнатыңыз.
6. Тығынды тығыздап бұраңыз.
7. Ұсынылған майды құйыңыз.
8. Деңгейді тексеріңіз.
9. Май ағызғыш мойынның қақпағын орнатыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Пайдаланылған майсен жұмыс істеу аяқталғаннан кейін қолдарды бірден сабынды сумен әбден жуыңыз.

Пайдаланылған майдан қоршаған ортаға қауіпсіз тәсілмен құтылу ұсынылады, оны саңылаусыз контейнерде жергілікті техқызмет көрсету станциясына немесе қалдықтарды кәдеге жарату орталығына апару керек. Оны қоқыспен бірге лақтырмаңыз және оны жерге немесе кәріз жүйесіне төкпеңіз.

ОТАЛДЫРУ БІЛТЕЛЕРІНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Қозғалтқышты лайықты жұмыспен қамтамасыз ету үшін оталдыру білтесі дұрыс орнатылған және түзілімдерді құрамауы керек.


1. Оталдыру білтенің (22) қақпақшасын

шешіңіз.

2. Білтенің маңындағы лайды кетіріңіз. 3. Оталдыру білтесін шешу үшін білтелік кілтті қолданыңыз.



4. Оталдыру білтесін мұқият қараңыз. Егер оқшаулағыш жарылса немесе бүліну іздері болса білтені ауыстыру қажет.
5. Егер білте қайта қолдануға жарамды болса, оны сымдық шөткемен мұқият тазалаңыз.
6. Білтенің саңылауын саңылауларды өлшеуге арналған қуыс құлақпен өлшеңіз.
7. Қажет болған жағдайда, бүйірлік электродты абайлап жаза отырып, реттеңіз. Саңылау келесідей болуы керек: 0.70-0.80 мм (0.028–0.031 дюйм).



8. Білтенің тығырығын тексеріңіз. Оның жақсы күйде екендігіне көз жеткізіңіз.
9. Білтені қолмен бұрандалап бекітіңіз.
10. Білте орнына отырғаннан кейін, тығырықты қысу үшін оны білтелік кілтпен бұрап бекітіңіз.

ЕСКЕРТУ: Жаңа оталдыру білтелерін ор-

нату кезінде, тығыздағыш тығырықты қысу үшін оны білтелік кілтпен жарты айналымға тартып бекітіңіз. Бұрын қолданылған білтелерді орнату кезінде, оны орнатудан кейін тығыздағыш тығырықты қысу үшін 1/8 - 1/4 айналымға тартып бекіту қажет.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Оталдыру білтесі сенімді тартылған болуы керек. Қате орнатылған білте қатты қызуы және қозғалтқышты бүлдіруі мүмкін. Ешқашан оталдыру білтелерін жарамайтын қызу ауқымымен қолданбаңыз. Тек ұсынылған білтелерді және олардың аналогтарын ғана қолданыңыз.

КАРБЮРАТОРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Карбюратордың тұндырғышы қозғалтқыштың жану камерасына келіп түсуші отынды сүзгілеуге арналған. Бұлғақты-піспекті топтың, сонымен бірге карбюратордың өзінің қызметтік мерзімін ұзарту үшін, оған тұрақты техникалық қызмет көрсетуді жүргізіп отыру қажет.

1. Бактағы барлық отынды ағызыңыз.
2. Отынды шүмекті жабыңыз және қолайлы ыдысты карбюратордың астына орналастырыңыз.
3. Карбюратор (20) тұндырғышының тығынын (А) және тұндырғыштың стақанын (Б) бұрап шешіңіз.



4. Отынды шүмекті ашыңыз және карбюратордың тұндырғышын ағызыңыз.
5. Тығынды жөнем аралық қабатты лайдан тазалаңыз. Аралық қабаттар бүлінген кезде оны ауыстыру қажет.
6. Тығынды және тұндырғыштың стақанын орнатыңыз.
7. Саңылаусыздықты тексеріңіз және отын-

ды шүмекті жабыңыз.

8. Бау-бақша техникасының қате жұмыс істеуі кезінде, карбюраторды теңшеу үшін авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

САҚТАУ

1. Бензинді мотоқопсытқышты қоршаған ортаның 0°C-тан +40°C-қа дейінгі температурасы кезінде және 80%-дан аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығында, жақсы желдетілетін, балалар мен жануарларға қолжетімсіз бөлмелерде сақтау керек.

2. Бензинді мотоқопсытқышты 1 айдан кем уақыт сақтау кезінде жаңа бензинді құю және оған қызметтік мерзімді ұзартуға арналған салқындатқышты қосу қажет. Салқындатқыш жоқ кезде бактан барлық отынды ағызу ұсынылады. 1 айдан артық уақыт сақтау кезінде, тұндырғышты және карбюратордың қалтқылы камерасын қосымша ағызу қажет болады.

3. Бір жылдан артық уақыт сақтау кезінде «Сақтау» бөл імінің 2 тармағында сипатталған барлық әрекеттерді орындаңыз. Одан кейін оталдыру білтесін бұрап шығарыңыз және цилиндрге бір ас қасық машина майын құйыңыз, майды тарату үшін қозғалтқышты бірнеше айналымдарға қолмен бұраңыз. Оталдыру білтесін қайта орнатыңыз. Кедергіні сезінгенше дейін стартердің тұтқасын баяу тартыңыз. Осы сәтте піспек қысу тактісінде жоғары көтеріледі, және қос – енгізу және шығару клапандары жабық болады. Қозғалтқышты осы күйде сақтау оны ішкі коррозиялардан қорғауға көмектеседі. Стартердің тегершігіндегі науаны стартердің төменгі бөлігіндегі саңылау бойынша теңестіріңіз. Сақтаудан шығарудан кейін тұрып қалған бензинді қолайлы контейнерге ағызыңыз және іске қосудың алдында жаңасын құйыңыз.

4. Ұзақ мерзімдік сақтаудың алдында коррозияларға жол бермеу үшін барлық металл бөлшектерін (әсіресе тегершіктерді, серіппелерді, сымарқандарды және басқаларды) маймен майлау қажет.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Пайдалануға жарамсыз бұйымды кәдеге жарату кезінде қоршаған ортаға зиян келтірмеу үшін барлық шараларды қолданыңыз. Бұйымды өз бетіңізбен кәдеге жаратуға тырысу жөн болмайды. Арнайы қызметке жүгіну ұсынылады.

ҚЫЗМЕТ МЕРЗІМІ

Бұл өнім барлық талаптарын сақтаған кезде, осы пайдаланушы нұсқаулығын тиіс атқара кемінде 3 жыл болуы тиіс. Өндіруші-Фирма құқығын өзіне қалдырады конструкциясына және жинақтауды керек емес нашарлататын пайдалану тауар сапасы.

КЕПІЛДІК ШАРТТАР

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Бұйымды сатып алу кезінде жиынтықтылығын және дұрыстығын тексеруді, сонымен қатар кепілдік талонының дұрыс толтырылуын талап етіңіз.

1. Кепілдік міндеттемелер сатып алынған күні, сериялық нөмірі, сауда ұйымының мөрі (мөртабаны), сатушының қолтаңбасы көрсетілген кепілдік талоны дұрыс толтырылған кезде ғана жүзеге асырылады. Сізде дұрыс толтырылған кепілдік талоны болмаған жағдайда біз Сіздің аталған ұйымның сапасы бойынша шағымыңызды қабылдамауға мәжбүр боламыз.

2. Түсінбеушіліктерге жол бермеу үшін бұйыммен жұмыс жасауды бастамастан бұрын Сізден пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен мұқият танысып шығуды өтінеміз.

3. Сіздің назарыңызды бұйымның тек тұрмыстық тағайындалуға ғана арналғандығына аударамыз.

4. Ресей Федерациясының қолданыстағы заңнамасы аталған кепілдік шарттардың құқықтың негіздемесі болып табыла-

ды, атап айтқанда, «Тұтынушылардың құқығын қорғау» Федералды заңының соңғы редакциясы және Ресей Федерациясының Азаматтық кодексі.

5. Бұйымға кепілдік пайдалану мерзімі 36 айды құрайды. Бұл мерзім бөлшектік желі арқылы сатылғаннан күнінен бастап есептеледі.

6. Біздің кепілдік міндеттемелер тек кепілдік мерзімнің ішінде анықталған ақаулықтарға және дайындаушы-кәсіпорынның кінәсі бойынша жол берілген өндірістік, технологиялық және құрылымдық ақауларға ғана таралады.

7. Кепілдік міндеттемелер келесілерге таралмайды:

7.1. Бұйымда келесідей жағдайлардың нәтижесінде пайда болған ақаулықтарға:

- қолданушы арқылы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы нұсқамалардың сақталмауы;

- сыртқы және кез келген басқа да әсерлер арқылы шақырылған механикалық бүлінулер;

- бұйымды тағайындалу бойынша қолданбау;

- жаңбыр, қар, жоғары ылғалдылық, қызу, агрессивтік орталар, қуат беруші электр желілері параметрлерінің пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес болмауы секілді жағымсыз атмосфералық және сыртқы әсерлер;

- өндіруші арқылы ұсынылмаған немесе мақұлданбаған керек-жарақтарды, шығын материалдары мен қосалқы бөлшектерді қолдану;

- бұйымның ішіне бөтен заттардың түсіп кетуі немесе желдетуші саңылаулардың көп мөлшердегі шаң, лай және т.б. секілді қалдықтардан бітеліп қалуы.

7.2. Уәкілетті емес тұлға арқылы ашылған, жөнделген немесе түрлендірілген бұйымға.

7.3. Бұйымда лайықсыз пайдаланудың немесе сақтаудың салдарынан пайда болған ақаулықтарға:

- бұйымның металл элементтерінде

тоттардың болуы;

- коллекторда қышқыл тотықтардың болуы;
- желелік кабельдің үзілуі мен тілінуі;
- корпустың.

7.4. Қозғалтқыштың немесе басқа тораптар мен бөлшектердің істен шығуына әкеп соққан, бұйымды қайта тиеу немесе отынға немесе майға қойылатын талаптарды сақтамау нәтижесінде пайда болған ақауларға жол берілмейді. Артық жүктеменің сөзсіз белгілеріне:

- поршень сақинасының бұзылуы/сынуы немесе сызаттардың болуы және цилиндрдің ішкі беті мен поршеньдің беті;

- шатун мен поршеньдің тірек подшипниктерін бұзу немесе балқытусауақ;

- бұйымның бөлшектері мен тораптарының деформациясы немесе балқытылуы;

- ілінісу немесе бұрыштық берілістің фрикциялық берілісінің зақымдануы редуктор;

- сымдардың оқшауламасын қараңғылау немесе қорқыту.

7.5. Табиғи тозу (ресурстың толық өндірілуі, күшті ішкі немесе сыртқы ластану).

7.6. Шығыс материалдарына, тез тозатын бөлшектерге, ауыспалы бөлшектерге, Оталдыру білтесі, клеммалар, сүзгілер, жетекті белдіктер, резеңке тығыздағыштар, сальниктер, майлау, жетекші тістегершіктер, қорғаныс қаптамалары, подшипниктер, сошник, фрезалар, доңғалақтар және басқалар сияқты мерзімді ауыстыруға жататын тораптарға.

7.7. Отын беру жүйесінің зақымдануына немесесапасыз немесе тотыққан отынды пайдалану туындаған жылтырлар. Тотыққан отын бояу мен пластикті зақымдауы мүмкін. Отын бағын толтыру кезінде отынды төгілмеуге тырысыңыз. Кепілдік төгілген отыннан туындаған зақымдарға қолданылмайды.

Сіздің назарыңызды бұйымды сервистік орталыққа және одан жеткізудің соңғы тұтынушы (иегері) арқылы немесе оның қаражатының есебінен жүзеге асырылатындығына аудартамыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Бұйымды сатып алу кезінде жиынтықтылығы мен дұрыстығын тексеруді, сонымен қатар кепілдік талонның дұрыс толтырылуын талап етіңіз.

Авторландырылған сервистік орталықтарда ауыстырылған бөлшектер мен тораптарға 3 ай кепілдік беріледі. Құралға кепілдік жағдайды орнату бойынша техникалық куәландыру тек авторландырылған сервистік орталықта ғана жүргізіледі.

Дайындаушы-фирма сатып алушылардың назарын бұйымды жеке мұқтаждықтары аясында пайдалану кезінде осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген қолдану ережелерін сақтау бұйымның қызметтік мерзімі осы нұсқаулықта көрсетілген мерзімнен айтарлықтай асып кетуі мүмкін екендігіне аудартады.

Дайындаушы-фирма өзіне тауардың сапасын нашарлатпайтын құрылымы мен жиынтығына өзгерістер енгізу құқығын қалдырады.

Сервистік орталықтардың тізімін сатушыдан немесе www.stavr-tools.ru сайтынан білуге болады.

Импорттаушы/шағымдарды қабылдауға уәкілетті ұйым:

«Союз» ЖШҚ

Мекен-жай: 432006, Ресей, Ульяновск қ.,
Локомотивная көш., 14.

Дайындаушы: Чунцин Сенси Вугу Агрикул-
турал Мачинери Импорт&Экспорт Ко., Лтд

Мекен-жай: №8, Лонгфей Род, Донгчен
Стреет, Тонглианг Товн, Чунцин, Кытай
ҚХР жасалған

Дайындалған күні сериялық нөмірде көрсетілген. Дайындаушының стандартына сәйкес сериялық нөмір келесілерден тұрады: тапсырыс нөмірі / дайындалған айы мен жылы / бұйымның топтамдағы реттік нөмірі.



ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Қозғалтқыштың түрі	Бір цилиндрлік, 4 тактілі
Қозғалтқыштың көлемі	270 см ³
Қозғалтқыштың қуаты	6620 Вт / 9 л.с. (3600 айн/мин)
Максималды айналушы сәт	14 Н•м (2500 айн/мин)
Жетек түрі	Тегершік
Ілінісу	Фрикциялық муфта
Отынды бактың сыйымдылығы	5 л
Май картерінің сыйымдылығы	0,6 л
Отын	Бензин АИ-92
Май	Сыныбы SAE: 10W-30, 10W-40. Сұрыбы API: S
Отынды тұтыну	4 л/с
Салқындату	Өуе
Оталдыру жүйесі	ТСІ
Оталдыру білтесі	LD F6TC
Қозғалтқышты іске қосу жүйесі	Қол стартер
Беру	2 алға, 1 артқа
Қуатты іріктеу білігі	бар
Жетек білігі	Алты қырлы 32 мм
Бәсеңдеткіш корпусының материалы	Шойын
Өңдеудің максималды ені	1100 мм
Өңдеу тереңдігі	150-350 мм
Майдың апаттық деңгейін бақылау жүйесі	Бар
Габариттік өлшемдер	1100*570*775 мм
Салмағы	91 кг
Қызметтік мерзімі	3 жыл